

Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Алтыншы қосымша хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 18 наурыз N 306-II

1999 жылғы 15 қыркүйекте Пекинде жасалған Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Алтыншы қосымша хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Дүниежүзілік пошта одағының жарғысына Алтыншы қосымша хаттама

(2002 жылғы 31 шілдеде күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Дүниежүзілік пошта одағының жалпы регламенті
Актілерге қол қою кезінде жасалған мәлімдемелер

Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысы Конгрестердің ішкі регламенттері Берн,
1999 жыл

Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Алтыншы қосымша хаттама

Мазмұны

	Б а п т а р
I. (өзгертілген 22-бап)	Одақ Актілері
II. (өзгертілген 25-бап)	Одақ Актілеріне қол қою, оларды бекітудің түпнұсқаға сәйкестігін растау және қолдаудың басқа да нысандары
III. (өзгертілген 29-бап)	Ұсыныстар ұсыну
IV.	Қосымша хаттамаға және басқа да Одақ Актілеріне қосылу
V.	Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Қосымша хаттаманың күшіне енуі және қолданыста болу мерзімі

Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Алтыншы қосымша хаттама Пекинде Конгреске жиналған Дүниежүзілік пошта одағына мүше-елдер Үкіметтерінің өкілетті өкілдері 1964 жылы 10 шілдеде Венада қабылданған Дүниежүзілік пошта одағы Жарғысының 2-параграфы 30-бабының негізінде бекіту шартымен аталған Жарғыға мынадай өзгерістер енгізу жөнінде шешім қабылдады.

І - б а п

(өзгертілген 22-бап)

О д а қ А к т і л е р і

1. Жарғы Одақтың негізгі актісі болып табылады. Ол Одақтың негізгі ережелерінен

т ұ р а д ы .

2. Жалпы регламент Жарғының қолданылуын және Одақтың қызметін қамтамасыз ететін ережелерден тұрады. Ол барлық мүше-елдер үшін міндетті болып табылады.

3. Дүниежүзілік пошта конвенциясы, Жазба хат-хабарлар регламенті және Пошталық посылкалар регламенті халықаралық пошта қызметтерінде қолданылатын жалпы ережелерді, сондай-ақ жазба хат-хабарлар және пошталық посылкалар қызметтері туралы ережелерді қамтиды. Бұл Актілер барлық мүше-елдер үшін міндетті б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Одақтың Келісімдері және олардың Регламенттері Келісімдерге қатысатын мүше-елдер арасындағы жазба хат-хабарлар және пошталық посылкалар қызметтерінен басқа қызметтерді реттейді. Олар тек сол елдер үшін міндетті болып табылады.

5. Конвенция мен Келісімдерді орындау үшін қолдануға қажетті ережелерден тұратын Регламенттерді Конгресс шешімдерін ескере отырып Пошталық пайдалану к е ң е с і б е к і т е д і .

6. 3, 4, 5-параграфтарда айтылатын Одақ Актілеріне қоса тіркелетін ықтимал Қорытынды хаттамалар сол Актілерге қатысты ескертулерден тұрады.

І І - б а п

(өзгертілген 25-бап)

Одақ Актілеріне қол қою, олардың түпнұсқа екендігін растау, бекіту және мақұлдаудың б а с қ а д а н ы с а н д а р ы

1. Конгресте қабылданған Одақ Актілеріне мүше-елдердің өкілетті өкілдері т а р а п ы н а н қ о л қ о й ы л а д ы .

2. Регламенттердің түпнұсқа екендігін Пошталық пайдалану кеңесінің Төрағасы мен Б а с х а т ш ы с ы р а с т а й д ы .

3. Жарғы қол қойған елдер арқылы мүмкіндігінше қысқа мерзімде бекітіледі.

4. Жарғыдан басқа Одақтың басқа Актілерін мақұлдау әрбір қол қойған елдің ішкі конституциялық ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

5. Егер, қандай да бір ел Жарғыны бекітпесе немесе және өзі қол қойған басқа да Актілерді мақұлдаса, онда Жарғы және басқа да Актілер оларды бекіткен немесе мақұлдаған елдер үшін бәрібір міндетті болып қала береді.

І І І - б а п

(өзгертілген 29-бап)

Ұ с ы н ы с т а р ұ с ы н у

1. Мүше-елдердің Пошталық әкімшілігінің Конгреске не Конгрестер аралығындағы кезеңде өз елі қол қойған Одақ Актілеріне қатысты ұсыныстар ұсынуға құқығы бар.

2. Бірақ, Жарғыға және Жалпы регламентке қатысты ұсыныстар тек Конгреске ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н .

3. Сонымен қатар, Регламенттерге қатысты ұсыныстар тікелей Пошталық пайдалану кеңесіне ұсынылады, бірақ олар алдын ала Халықаралық бюро арқылы барлық Пошталық әкімшіліктерге жіберілуі тиіс.

IV-бап

Қосымша хаттамаға және басқа Одақ Актілеріне қосылу

1. Осы Хаттамаға қол қоймаған мүше-елдер кез келген уақытта оған қосыла алады.

2. Конгресте қайта қаралған Актілердің қатысушылары болып табылатын, бірақ оларға қол қоймаған мүше-елдер оған мүмкіндігінше қысқа мерзімде қосылуға міндетті

3. 1 және 2-параграфтарда сөз болып отырған жағдайларға қатысты қосылу туралы құжаттар Халықаралық бюроның Бас директорына жіберілуі тиіс. Бас директор олар жөнінде мүше-елдердің Үкіметтерін хабардар етеді.

V-бап

Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Қосымша хаттаманың күшіне енуі және қолданыста болу мерзімі

Осы Қосымша хаттама 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге күшінде қалады.

Осыны куәландыру ретінде мүше-елдер Үкіметтерінің өкілетті өкілдері осы Қосымша хаттаманы жасады, оның ережелері Жарғының өзінің мәтініне енген жағдайдағы сияқты тап сондай күшке және тап сондай мағынаға ие болады және оған бір данада қол қойды, ол Халықаралық бюроның Бас директорына сақтауға берілетін болады. Бұл дананың көшірмесі әрбір тарапқа Конгресс өткізілген жердегі елдің Үкіметі таратып беретін болады.

Пекинде 1999 жылдың 15 қыркүйегінде жасалды.

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.